



ЖЕТІСУ ШҰҒАЛЫСЫ

№32 (8920)
жұма 12 тамыз
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2022 жылдың қаңтар-шілде айларындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы баяндалды, деп хабарлайды akorda.kz.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, осы аралықта ЖІӨ өсімі 3,2 пайызды құрады. Тауарлар өндірісі 3,3 пайызға, көрсетілген қызметтер 2,4 пайызға артты. Құрылыс, сауда, өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ көлік және байланыс салаларында айтарлықтай өсім бар.

Премьер-Министр Президентке Үкіметтің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тежеу шараларына қатысты мәлімет берді. Үкімет 2022-2024 жылдарға арналған азық-түлік қауіпсіздігі жоспарын орындап келеді.

Премьер-Министр инфляция деңгейін төмендету, экономиканы демонополизациялау, елдің транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы баяндады. Әлихан Смайылов құны 22,2 триллион



теңге болатын инвестициялық жобалардың жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

Сонымен қатар Үкімет басшысы Президентке Қазақстанның 2023-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ұсынды.

Президент құрылымдық реформалар мен экономиканы демонополизациялауды жалғастырып, кәсіпкерлікке қолдау көрсету қажет екенін айтты. Сондай-ақ халықтың кірісін арттыруды қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Ескелді ауданы бойынша жалпы білім беру мекемелерінде 2022 жылдың 01 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы «Мектепке жол - Шекарасыз жақсылық» тақырыбында жүргізілуде. Акция аз қамтылған, көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және «Балалар жылын» іске асыру шеңберінде әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында өткізіледі.

ОБЩЕРЕСПУБЛИКАНСКАЯ БЛАГОТВОРИТЕЛЬНАЯ АКЦИЯ «ДОРОГА В ШКОЛУ»

В общеобразовательных учреждениях Ескельдинского района с 01 августа по 30 сентября 2022 года проходит общереспубликанская благотворительная акция «Дорога в школу» под девизом «Дорога в школу - добро без границ». Акция проводится в целях оказания помощи учащимся из числа малообеспеченных, многодетных семей, детям-сиротам и детям, оставшимся без попечения родителей, в период подготовки к началу учебного года и профилактики неявки детей в школу по социальным причинам в рамках реализации «Года детей».

АДАМДАР ӨЗДЕРІ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІМІН ТАУЫП ЖАТҚАНЫН КӨРУІ КЕРЕК - ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУДІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ ТУРАЛЫ

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының 2022 жылдың I жартыжылдығындағы халықпен кездесулерінің қорытындылары ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қаралды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров баяндама жасап, орталық мемлекеттік органдар басшылығының азаматтармен 45 кездесу өткізгенін хабарлады. Атап айтқанда, министрлер Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарына жиі барды.

Ақпарат алаңына жасалған мониторинг кездесулердің республикалық және өңірлік БАҚ-та, телеарналар мен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланғанын көрсетті. Ұлттық экономика министрі Өлібек Қуантыровтың мәлімдеуінше, бірінші жартыжылдықта барлық деңгейдегі әкімдер 594 мың адамның қатысуымен 8,5 мыңға жуық кездесу өткізді. Онда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру және экология, жолдарды реконструкциялау, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу және т. б. мәселелер көтерілді.

Премьер-Министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша министрлер мен әкімдердің халықпен кездесулері жаңа форматқа сәйкес «жүзбе-жүз, ашық тілдесу» түрінде өткізілетінін атап өтті.

Сондай-ақ халықпен кездесулер алдында азаматтардың өтініштеріне алдын ала талдау жүргізілді, ол проблемаларды неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеуге, әкімдік деңгейінде немесе ведомствоаралық өзара іс-қимыл арқасында оларды шешудің жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді.



«Халықпен кездесуден соң барлық деңгейдегі әкімдер проблемалық мәселелерді жүйелейді, ал оларды қаржыландыру мүмкіндіктері мәслихат сессияларында қаралады», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, кейбір өңірлерде кездесудің жаңа форматына бейімделмей, ескі сурлеуден шыға алмай отырғандар да бар. Алайда, бұған қарамастан, мұндай шараларға еркін кіру принципі сақталуы керек.

«Мемлекет басшысы «халық үніне құлақ асатын мемлекет» принципінің маңыздылығын атап көрсетті. Біз халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, олардың сын-пікірлерін де тыңдай білуіміз керек. Адамдарды күнделікті болып жатқан қарапайым мәселелер алаңдатады. Тек осындай кездесулердің қорытындысы бойынша ғана халықтың тарапынан 30 мыңға жуық мәселе мен ұсыныс көтерілді. Бұлардың бірде-біреуі қараусыз қалмауы тиіс. Адамдар өздері көтерген мәселелердің нақты шешімін тауып жатқанын көруі керек», — деді Премьер-Министр.

Осыған байланысты орталық және жергілікті органдар халықпен жоспарланған кездесулерді жалғастырып, қандай жұмыс атқарылды, басқа мәселелер қалай шешімін табады — соның бәрін нақты көрсету үшін әр кездесуді кеңінен жариялап отыруы керек.

Министрлер мен әкімдерге халықпен кездесулердің нәтижелілігін арттыру тапсырылды. Мұнда проблемалық мәселелердің жедел шешілуіне басымдық беріп, нысаналы топтармен тұрақты кездесулер өткізіп отыру керек.

Сонымен қатар Әлихан Смайылов республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру немесе нақтылау кезінде халықтың кездесулер барысында көтерген мәселелерін ескеру қажет екеніне назар аударды.

Сондай-ақ Үкімет басшысы министрлер мен әкімдердің халықпен кездесуін бағалау критерийлерін әзірлеуді тапсырды, олардың нәтижелері Үкіметте үнемі қаралып отыратын болады.

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Егер де Сіз немесе Сіздің жақындарыңыз отбасында зорлық-зомбылық құрбаны болса, сондай-ақ, Сіз отбасындағы зорлық-зомбылықтың куәгері болсаңыз Ескелді ауданының Полиция бөлімінің 102 телефонына немесе АПБ Әйелдерді зорлық-зомбылықтың қорғау тобының инспекторы полиция Л.Л.Тусиповаға 87052206206 телефоны арқылы хабарласыңыз. Сондай-ақ, отбасындағы зорлық-зомбылықтың тоқтату, көмек алу және қауіпсіз панада тұру үшін Талдықорған қаласындағы Дағдарыс орталығының 8-728-36-3-08-82 телефонына да хабарласа аласыз. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының барлық аумағында 150 сенім телефоны (тәулік бойы, тегін, құпиялық сақталады) қызмет көрсетеді.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

Если Вы или Ваши близкие подвергаетесь насилию в семье, а также стали свидетелем насилия, обращайтесь в дежурную часть отдела полиции Ескельдинского района по телефону-102, 8-728-36-308-82 или к инспектору подразделения по защите женщин от насилия капитану полиции Тусиповой Лауре Лиясовне по тел. 8-705-220-62-06.

Чтобы остановить насилие в семье, получить помощь и безопасное проживание в приюте, Вы можете обращаться по телефону Кризисного центра г.Талдықорған 8-7282-41-18-34. Также, на всей территории Республики Казахстан круглосуточно, бесплатно, анонимно, конфиденциально работает телефон доверия 150.

Ескелді ауданының Полиция бөлімі

Уважаемые читатели!

В №30 (8919) от 29 июля 2022 года была допущена ошибка. Статья «Премьер-министр поручил развивать школьную медицину», вышедшая на 1-й странице, не соответствует действительности.

Приносим свои извинения!

Редакция газеты «Жетісу шұғалысы»

